

Қалиева А.Қ.,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының
ғылым жөніндегі орынбасары, ф. ф. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: almira_kalieva.8@mail.ru

ЗАМАН КЕЛБЕТІ ДРАМАТУРГИЯДА

Мақалада қазіргі қазақ драматургиясы мәселелері қарастырылған. Автор замандас бейнесінің көркем игерілуі аспектісінде Д.Исабеков, Б.Мұқай, С.Балғабаяев, Р.Мұқанова, С.Асылбекұлы шығармалары талданған. Қазіргі драматургтердің танымал туындыларына шолу жасай отырып, автор қаһарман типологиясын жан-жақты саралайды. Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың қайта зерделенуі, тұлға тұжырымдамасы мәселелері Қазақстан қоғамының рухани трансформациялануы контекстінде қарастырылады. Алынған ой-тұжырымдар қазіргі өмір шындығының қазақ драматургиясында көркем бейнелеу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: драматургия, дәуір, тәуелсіздік, қаһарман, типология, тұлға, қоғам.

Kaliyeva A.K.

Panorama of the epoch in dramaturgy

The article considers questions of the modern Kazakh dramaturgy. In the aspect of artistic reflection of the image of the contemporary author analyzes the dramatic works of D.Isabekov, B.Mukay, S.Balgabaev, R.Mukanova, S.Asylbekuly. Conducting review research of the bright creative writings of modern playwrights, the author analyzes the typology of characters in various ways. Rethinking of national and universal values, issues related to the concept of personality in modern dramaturgy have been explored in the context of spiritual transformation of Kazakhstan society. The findings give an opportunity to determine the degree of artistic reproduction of modern reality in Kazakh dramaturgy.

Key words: dramaturgy, epoch, independence, hero, typology, personality, society

Калиева А.К.

Панорама эпохи в драматургии

В статье рассмотрены вопросы современной казахской драматургии. В аспекте художественного отражения образа современника автор анализирует драматические произведения Д. Исабекова, Б. Мукая, С. Балгабаева, Р. Мукановой, С. Асылбекулы. Обзорно изучая яркие творения современных драматургов, автор разносторонне анализирует типологии героев. Переосмысление национальных и общечеловеческих ценностей, вопросы концепции личности в современной драматургии рассмотрены в контексте духовной трансформации казахстанского общества. Полученные выводы дают возможность определить степень художественного воспроизведения современной действительности в казахской драматургии.

Ключевые слова: драматургия, эпоха, независимость, герой, типология, личность, общество

Тәуелсіздік жылдары жарық көрген драмалық туындыларға көз жүгірте отырып, біз олардан, ең алдымен, қазіргі замандастарымызды іздейміз. Шындығында, бүгінгі драмалық кейіпкерлер дәл қасымызда, қатар жүрген тіршілік иелеріне ұқсай ма? Айрықша өмір өрімімен, қайталанбас

азаматтық-адамгершілік келбетімен көз тартатын тұлғалар тағдыры сахналық туындыға арқау бола алды ма? Бүгінгі ұлттық драматургияда қаһармандық тұғырға көтерілер сом тұлғалы кейіпкерлер бар ма? Көкейде осы тектес сан алуан сауалдар бас көтерері анық. Осы

мәселелер төңірегінде Д. Исабеков, Б. Мұқай, С. Балғабаев, Р. Мұқанова, С. Асылбекұлы, т.б. драматургтеріміздің бүгінгі күн тақырыбындағы туындыларын зерделедік.

Дулат Исабековтың «Алтын тордағы тоты (Актриса)» драмасының кейіпкері – Айгүл Асанова есімді өнер саңлағы. «Театр – менің екінші үйім. Әлде бірінші үйім десем бе екен?» [1, 192], – деп шынайы толғанатын актрисаның кей жаратылыс-мінезі күрделі. Әйел, отанасы ретінде қарасақ, оның отбасынан қызметін, театрды жоғары қойғандығын кемшілік деп танытынымыз рас. Дегенмен Айгүлдің тұлғасын асқақтатып тұрған да осы қасиеті екенін мойындау керек.

Шығармаға арқау болған идеяның бір ұшын қашанда ұлт мәселесімен сабақтастыратын Д. Исабековтың қазақ театрының бүгіні мен келешегі жайлы толғамды пікірлері Айгүл мен режиссер-Самат диалогтарында біршама өрбіген. «Бұл жерде не қызық қалды? «Ел үшін, ұлт үшін, халық үшін!» Бәрі жалған сөз, жалаң ұран! Ел үшін егіліп жүрген ешкім жоқ. Шетелде еден сыпырушы болсаң да бұл жердегіден он есе артық өмір сүресің» [1, 208], – дейді Самат. Өнерге коммерциялық көзқараспен қараудың белең алғандығы туралы өкінішті жайттар – бүгінгі мәдениет пен өнердің басындағы ахуал.

«Мен қазақ театрының қазақ тілінде сөйлейтін актрисасымын. Тіл – виолончель емес, ол экспортқа шыға алмайды. Мен қазақ сахнасында туылдым, қазақ сахнасында көз жұмам» [1, 208]. Намысшыл актриса өнерін саудаға салғысы келмейді. Елде етек жайып бара жатқан кедейліктің, тапшылықтың, нарық заманының қоғамдық санаға салқын әсерін тілге тиек ете отырып, актриса өнер саңлақтарының ақша, атак, бедел мен абырой үшін шетелге кетіп жатқаны жөнінде тебірене сөйлейді. Режиссері әрі жұбайы Саматтың «Ертең қазақ театрының ешкімге керегі болмай қалса қайтесің?» тәрізді қыңыр сауалына жауабы әзір. Бұдан әлдеқайда ертеректе келісім жасасып, Италияға аттанғалы отырғанын «қойнындағы жарынан» жасырған Саматтың арамдығына қайран қала отырып, Айгүл ашына тіл қатады: «Онда ең соңғы қазақ көрерменіне ең соңғы ойын көрсететін актриса мен боламын!» [1, 208-209]. Жоғары пафоста айтылған сөздер Асанованың жасандылықтан ада, шынайы отаншыл тұлғасын алға тартады.

Баққожа Мұқайдың осымен тақырыптап «Тәлкек тағдыр» атты драмасындағы Айсұлу – Д. Исабековтың Айгүліне кереғар образ. Көптен күткен жұлдызды рөліне қол жеткізу жолын-

да отбасынан, әйел, ана бақытынан айырылған Айсұлу мен Айгүл тағдырларында ұқсастықтар да жоқ емес. Бірақ Айсұлу жеке тағдыр иесі деңгейінде ғана көрініп, өз қателіктерінен опық жеген кейіпкерді сомдаса, Айгүл Асанова одан әлдеқайда ірі әрекеттерімен көзге түседі. Өз өмірін ұлттық өнер жолына сарп еткен әйелдің жеке отбасылық драмасы басты назарда емес. Айгүл ең әуелі – ұлттық өнер саңлағы. Мұндай айырым белгілер, әрине, авторлық идеяға тікелей байланысты.

Баққожа Мұқайдың «Тойы көп үй» драмасында мұны мен күлкісі қатар жүретін өмірдің қым-қиғаш кескін-кейпі кестеленген. Автор «хикая» деп атаған драмадағы әр кейіпкер – өз алдына айшықты бедерленген өмір жолы бар тағдыр иелері. Көмек сұраған жанның бетін қайтармайтын, жатсыну, жатырқау дегенді білмейтін Заңғар мен оның жайдары мінезді ақкөңіл жары Назгүлдің Алматыдағы небары «бір жарым бөлмелік» пәтерлерінің есігі кімге де болса айқара ашық. Бұл үй – тастанды сәбиге де, жалғыз қалған қарияға да (Шорабай шал), туған отбасы, ошақ қасына сыймаған қарт анаға да (Гүлшара әже), көлденең киліккен жолбикемен көңіл қосқан өмірлік жарына өкпелі жас келіншекке де (Гүлназ) ортақ пана болған шынымен киелі шаңырақ.

«Түсі игіден түңілмей», жылы шырайлы, көңілі таза адамдарды жанына жақын тартып жүретін бауырмал Заңғар бейнесі арқылы автор «риясыз жақсылық жасай алатын адамдар ортамызда бар, ағайын» деп жар салатындай. Қиналғанға қол ұшын бергіш, панасыз, қорғансыз пенделердің желеп-жебеушісіндей әрдайым қастарынан табылатын жігіттің көңілі жомарт, жаны жайсаң, жары да өзіне лайық кең пейілдің адамы. Табалдырығынан аттаған бейтанысты Қызыр келгендей құрметтейтін Заңғар, шынымен де, осы бір қайырымдылығының өтелгенін тілемейді. «Адамның күні адаммен» деген биік философиялық қағиданың парқын терең түсіне білген, жабылмас есік пен жиылмас дастархандай дархан көңілді жігітке сайып келгенде осы қонақжай тіршілігінен, мейірімділікке мұқтаж жандарға құшақ жайғаннан артық ешнәрсенің қажеті де жоқ. Көркем дүние болғаннан кейін, әрине, драмадағы оқиғалар қоюлатылған, күнделікті тіршіліктен алшақтау, реалды шындыққа жанасымсыз көрінетіні де рас. Бірақ айналасына шуақ шашып тұратын Заңғар мен Гүлназдың бейнелерінен өмірдегі жаны кіршіксіз таза адамдардың кейбір қасиет-белгілерінің жиынтығын көруге болады. Автор

өмірде жанарымен ізгілік нұрын үлестіретін осындай да жандар бар деген аңқылдақ, ақ-адал үмітіне көрермен қауымды иландырғысы келеді. Заңғар – жүз жылда бір туатын «Атым-тай Жомарт» па әлде асылдың сынығындай ізгілік атаулының шырақшысы ма, әйтеуір автор көңілінен туған әсерлі романтикалық бейне екені даусыз. Елге жасаған жақсылығын бұлдамайтын, қайырымдылығы үшін арқасына түскен салмақты ауырсынбайтын және ең бастысы, ешқашан жеке мүддесін алға тартпайтын азаматтың асқақ тұлғасы қоғамды ізгіліктің бар екендігіне иландырады. Өмірдің сұрқай, көңілсіз сүреңінен жабырқаған, жақсылық атаулыдан күдер үзген жандарға оптимистік серпін береді. Автордың да көздегені – адамдар арасындағы салқын қарым-қатынасқа жылу беру, сенімнен үміт үзген тоң мінездерді жібіту.

Кейбір кейіпкерлердің мұнды тағдырлары драманың трагикомедиялық сипатын айқындайды. Драматург дүние кілең күнгеіден, қоғам тек Заңғарлардан құралмайтынын да еске салып отырады. «Тойы көп үйде» жүректі сыздатын тұстар да жеткілікті. Өмірінің күзіне аяқ басқанда жалғыз-жарым қалған, сөйтіп ішімдікпен әуестене бастаған Шорабай; жалғыз ұлы ішкілікке салынып, үйінен безген, безбүйрек келінінің қаһарынан меселі қайтып, қарттар үйін іздеп шыққан Гүлшара; алданған ару, тастанды бала, шаңырағы шайқалған Қамбар мен Гүлназ тағдырлары елдегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдай мен соның салдарынан пейілі тарылған қоғамның бет-бейнесін аңғартады.

Роза Мұқанованың «Шатыр астындағы Мен» трагикомедиясының басты идеясы – жекелеген адамдардың өмірлік құндылықтары туралы тікелей авторлық көзқарас позициясынан қоғамға зер салу. Кейіпкерлер өздерін «Шатыр астының халқы» деп атайды. Драматург шатыр астындағылардың бір күндік өмірі негізінде олардың қилы тағдырларын, адами қасиеттерін айқындайды. Күнделікті қызмет бабындағы қарым-қатынастың өзі-ақ пьеса кейіпкерлерінің бір-біріне ұқсамайтын түсінік-танымдарын, мақсат-мұраттарын әйгілейді.

Мекеме басшысы Сапақ Саталович әр жерде бір бой көрсеткенімен, оның ішкі әлемі беймәлім, айналасына көзқарасы бейтарап күйде қала береді. Пьесада оның өзінен гөрі отырған орны – қызмет сатысы мәндірек көрінеді. Анти-Шректің көкейін тесетін Сапақ Саталовичтің лауазымы. Ішкі әлемі неғұрлым айқара ашылып, тип ретінде танылатындардың бірі – Анти-Шрек. Өзінен жоғары лауазым иесінің алдында

маңдайы жерге тигенше иілуді ар көрмейтін, ал төмен сатыдағы қызметкерлерге мұрын шүйіре, пысқыра қарайтын мансапқорлығы Анти-Шректің басты ерекшелігі. Ал Буфо – адал, жаны таза адам. Бәлкім оның жолы болмай жүргендігі, өз өміріне көңілінің марқаймауы да содан. Айналасындағылардан жапа шегіп, «екі түйе сүйкенсе, ортасында қалып» күн кешуге еті үйренген азаматтың өмірі екіұдайы. Пьесадағы әлсіз, өз мақсат-мүддесі, шындық пен әділет үшін тартысқа түсуге қауқарсыз Буфо Анти-Шрек сияқтылардың ығымен жүруге, солардың айтқанына көнуге мәжбүр. Беймоның (Беймезгілдің) тарапынан өзіне қарата айтылатын ащы сынға ұқпаған, естімеген сыңай танытуы Буфоның моральдық әлсіздігінен хабар береді. Оның жалғыз қорғаныс амалы – Анти-Шрек сынды типке ұқсас адамның бет-пердесімен тіршілік кешу. Мысалы, ол аяқ астынан болған зілзаладан көз жұмған Анти-Шректің қазасында марқұм туралы жалынды жалған сөз сөйлей салуды ар санамайды. Түптеп келгенде, Буфоның ішкі әлемі мүлде бөлек. Жаны нәзік, шынайы талант пен хас өнерді саралай, бағалай білетін азамат.

Ашық сөйлеп, әрнәрсеге әділ баға беруден қаймықпайтын ерекше мінезді Беймезгілдің (Беймо) образы пьесада жеткілікті дәрежеде сомдалмаған. Ол тек авторлық позиция тұрғысынан пьесаның ішкі қабатында жекелеген кейіпкерлердің мінін ашық айту үшін ғана қызмет ететіндей. Мұндай пікір Беймоны тұлғаландыра түсіп, бірінші планға жылжытса, пьесаның идеялық құндылығы арта түсер ме еді деген пікірден шығады.

Жалпы пьесаның негізгі идеясы адамдар арасындағы жалтақтық, жағымпаздық, бір-біріне тәуелділік сынды еркін тыныстап өмір сүруге кедергі келтіретін жағымсыз құбылыстардан арылар күн туар ма екен деген толғаныстардан тамыр тартқан. Қаламгердің басқа да шығармаларында өрістейтін өмірдің терең қайшылықтары туралы ой-толғаныстары «Шатыр астындағы Мен» драмасында да өзінше тұжырым тапқан деуге болады.

С. Асылбекұлының «Күзгі романс» драмасында отбасылық драма деңгейінде көтерілетін проблемалар өмірге деген прагматикалық, идеалистік көзқарастардың бітіспес тартысынан тамыр тартады. Екі шаңырақты да шайқайтын мәселе – ерлі-зайыптылардың өзара түсініспеушілігі. Бірақ лирикалық драмадағы бірқатар ситуациялардың бұлыңғырлығын атап өтуге тура келеді. Кейіпкерлерді бірыңғай

жағымды-жағымсыз деп саралап, екі лагерьге бөлуден аулақпыз. Алайда отбасы ойран болып жатқанда, алаңсыз шарап ішіп, өзге біреуге сөз салатын Сайлаудың әрекеттері автордың динамикалы түрде дамытатын идеясымен үйлеспейді. А. Пугачеваның «Күзгі сүйіс» өлеңінің құшағында сары күзде танысып, өзара терең түсіністікпен тіл табысқан Сайлау мен Сюзаннаның арақатынасын автордың біршама қолдайтыны анық. Ал екінші планда қалып қойған Сайлаудың әйелі Назымның жағдайына неліктен назар аударылмайды? Сайлау неліктен жан жары, балаларының анасы, өмірдегі серігі Назымды емес, Сюзаннаны таңдады? Бір жағынан, жағдайды дұрыс түсінбеген Назымды ақылға шақырған орнына, үнсіз күйде Сюзаннаға кете баратын өнертанушы жігітті не аңғал, не есепшіл деп ажыратып айта алмайсыз. Сабырын ашуға жеңдірген Назымның ішкі арпалысына, Сайлаудың сыртқы әрекеттерінің мотивациясына жете көңіл бөлінбегендігі драманың айтар ойын тек бетінен ғана қалқып өткендей әсер қалдырады.

Сайлауға тән мінез босандығын Софы Сматаевтың «Көгілдір такси» атты лирикалық драмасындағы Қайыржаннан көреміз. Бір сәттік сезім-күйге бола жан жарынан, баласынан қол үзіп қалған Қайыржан, бір жағынан, Сайлаудың келешектегі кейпі тәріздес. Қайыржан курстасы – министрдің қызы Клараның қармағына ілігіп, отбасынан, тұнық арманынан айырылған еді. Дүние, билік, мәнсаптың шырмауында қалған азамат ішкі жан дүниесімен кезінде өзі опасыздықпен тастап кеткен жақындарын сағына күн кешеді. Ол өмір бойы кінә жүгін үнсіз арқалап келген жан. «Мен бүгін полковникпін. Ертең генералын да бермек. Бірақ одан не пайда. Жанымның рахаттарын карьераға алмастырып, өзімді-өзім тонаған қарақшымын мен...» [2, 169].

Жалпы Қайыржан бейнесі екіұдайы: адал заң сақшысы болуды асқақ арманға балаған бір кездердегі Қайырбай енді «екі жеп биге шыққандай» қызмет жолында өсудің жеңіл соқпақтарымен жүреді. Өзінше принципшіл: қоғамның ұлттың бетіне шіркеу болған нашақор қазақ жастарымен, қылмыскерлермен күреске барын салады. Жоғары лауазымдылардың алдында жағымсынуды да артық көрмейді. Оның үстіне бірбеткей принципшіл болуға қызметтегі сыбайластары да мұрша бермейді (Оның небары жиырма мың теңгені құрайтын мардымсыз жалақысына қаратпайтын Гога, Вахит тәрізді сыбайластары және бар).

Сезім жетегінде жүріп, ұйыған отбасынан айырыла жаздайтын азамат бейнесін Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» пьесасынан да көреміз. Пьесадағы кейіпкерлер топтамасына қарап, пьесадағы қозғалатын негізгі мәселе бүгінгі зиялылар өмірі ме деп қаласыз. Алайда қаламгердің бір жанұядағы отбасылық драма арқылы қазіргі замандасдарымыздың бақытқа қол жеткізу мен оны бағалау, адамгершілік принциптер туралы көзқарас-пайымдарын саралағанына көз жеткіземіз.

Шығармадағы сүттей ұйыған отбасының берекесі мен бақытын азсынған Қайырбай драмалық ситуацияны тудырушы басты кейіпкер бола тұра, характерологиялық жағынан соншалық ашыла қоймаған. Алғашқы актіде ол жолдас-жора, ағайын ортасында Фаридамен күміс тойын тойлап жатқан үлгі тұтарлық, мақтаулы азамат. Алыста қалған жастық күндерін еске алып отырғанда да, Қайырбай мен Фариданың қол ұстасып, баянды ғұмыр кешіп келе жатқандары мол сеніммен суреттеледі. Аяғы ауырлаған ашынасы Нәзікеш мұны күте-күте тағаты таусылып, Фариданы ашық «әңгімеге» шақырған кезінде де Қайырбай бейқам; кешегі күміс тойдың әсері әлі қарқамаған, мұрнының астынан әндетіп те қояды. Әуелде Қайырбайдың бейне бір ешнәрседен хабарсыз бейкүнә түр-тұрпатына қарап, жас қыздың мына қылығы алаяқтық болып та көрінеді. Бірақ Нәзікеш те осал адам емес-ті.

Пьесадағы тақырыптық жағынан басты назардағы кейіпкерлер – өмір бойы Фариданы сүйіп өтіп, оған қол жеткізе алмаған Руслан және Қайырбайдың серілік сезімін «Қозы мен Баянның» ұлы махаббатына балаған Нәзікеш. Екеуі мүлде кереғар бейнелер. Бетбақтыққа салынып, біреудің ширек ғасыр бірге жасасып келе жатқан жарын тартып алып, одан сәби сүйіп, сезімі сенімін ақтамаған соң, өзге біреудің етегіне жармасып тағы кете беретін Нәзікешке қарағанда, Русланның сезімі тұнық. Ол ғашықтық сезімін іште тұншықтырып, Фариданың бақытты болуын тілеген жігіттің өмірге, адамдарға деген ақ пейілі таза көңілден жол тартады. Ол – Фариданың сүйе тұра, Қайырбайдың жетістігіне қуана алатын, қайғысына ортақтаса алатын жан.

Қазіргі заман келбетін бейнелеген драмаларды зерделей отырып, біз драматургтеріміздің түрлі тақырыптарға қалам тербегенін байқаймыз. Олардың қатарында қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени-рухани ахуалынан сыр шертетін туындылардың алуан түрі ұшырасады. Көркемдік деңгейі, идеялық нысанасы әрқилы

драмалардағы халық арасынан алынған кейіпкерлер де түрлі сипатта көрінеді.

Бүгінгі драматургияда саяси-экономикалық дағдарыс, нарықтық қатынастардың дендеп енуі салдарынан қоғамда орын алған рухани-психологиялық ахуалды зерделеу үрдісі айқын аңғарылады. Ұлт тіршілігінің элеуметтік-тұр-

мыстық, мәдени-рухани қабаттарын тереңінен қаузап ақтарған шығармаларда бүгінгі замандастарымыздың қилы азаматтық, моральдық көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары бедер тауып жатады. Сайып келгенде, тұтастық күйінде олар қазіргі қоғамдық сананың қия-қалтарыстарына жетелейді.

Әдебиеттер

- 1 Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – Т. 5. – 360 б.
- 2 Сматаев С. Көгілдір такси. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2008. – Т. 14. – 376 б.

References

- 1 Issabekov D. Bes tomdyq shygharmalar zhinaghy. – Almaty, 2003. – T. 5. – 360 b.
- 2 Smatayev S. Ko'gildir taxi. Ko'p tomdyq shygharmalar zhinaghy. – Almaty, 2008. – T. 14. – 376 b.